

Т.З. Қайыркен

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
(E-mail: kairkentz@mail.ru)*

ХІІІ ғасырдағы найман-меркіт одағы

Аңдатпа. Бұл мақалада ХІІІ ғасырдың бас кезінде Алтай мен Ханғай тауларын мекен еткен Найман қағанаты мен Байқалдың оңтүстігін мекендеген меркіттердің өзара одақтасып, Шыңғыс хан шапқыншылығына қалай қарсы тұрғандығы және олардың Моңғол қосындарынан жеңілгеннен кейінгі кездегі бет алған маршруттары зерттеледі. Мақалада автор Қытай тарихшысы Су Бэйхайдың меркіттер мен наймандар моңғол қолынан жеңілгеннен кейін, Алтай тауының және Жоңғар ойпатының шығысы арқылы Идікүт мемлекетіне қарай көшті деген көзқарасын теріске шығарады. Өйткені, Шыңғыс ханнан жеңіліп, Батыс Алтайға қарай ығысқан наймандар мен меркіттердің қайтадан Ертісті өрлеп, моңғолдардың қоластында қалған Шығыс Алтайға қарай көшуі мүмкін емес болатын. Сол негізде, тарихи деректерге сүйене отырып, наймандар мен меркіттердің Батыс Алтайдағы Бұқтырма өзені мен Ертіс өзенінің тоғысар тұсында Моңғол қолынан жеңілгеннен кейін, Қалба, Тарбағатай таулары мен Жоңғар ойпатының батыс шеті арқылы Идікүт мемлекетінің шекарасына қарай көшіп барғанын дәлелдейді. Сондай-ақ, бұл екі этностың 1218 жылы Шыңғыс хан Орта Азияны жаулағанға дейінгі тарихы, этно-мәдени қатынастары, мемлекеттілік дәстүрлері де қарастырылады..

Түйін сөздер: ХІІІ ғасыр, наймандар, меркіттер, Шыңғыс хан, көш бағыты, Жоңғар ойпатының шығысы, Жоңғар ойпатының батысы, Идікүт мемлекеті, Қара қидан мемлекеті, Күшлік хан.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-7255-2020-130-1-35-49>

Кіріспе. ХІІ ғасырдың соңы мен ХІІІ ғасырдың бас кезінде қазіргі Моңғол үстіртінің шығыс бөлігіндегі моңғол ру-тайпаларының бірігу үдерісі күшейе түсті. Бұл жағдай осыған дейін Орталық Моңғолиядан Алтайға дейін қоныс тепкен Найман мемлекеті үшін ең үлкен қауіпке айналды. Наймандармен бір уақытта Байқал көлінің оңтүстігін, Селенга өзенінің алқабын мекендейтін меркіттер де моңғолдардың шабуылына жиі-жиі ұшырап тұрған болатын. Осылайша, Шыңғыс ханның Моңғол үстіртін бір орталыққа бағындыруы қарсаңында Алтайлық ареалдағы халықтардың этникалық тоғысуы ең қарқынды түрде жүрілді. Бұрыннан Алтайды және оның төңірегіндегі аймақтарды, Ханғай мен Байқал бойын, Саян етектерін мекендеген халықтар ендігі жерде Моңғол шапқыншылығы жағдайында қарым-қатынастың жаңаша форматына көшті. Бұл белгілі мағынадан, сыртқы шапқыншылыққа қарсы әскери-саяси одақ түрінде бейнеленді. Шыңғыс шапқыншылығына қарсы қыр даладағы халықтардың бірнеше реткі біріккен әскери компаниясы сәтсіздікке ұшыраған соң, наймандар мен меркіттер Шыңғыс қолына қарсы күш біріктіре әрекет етті. Олардың Шыңғыс ханға қарсы ортақ күресі Алтай тауы мен оның төңірегінде жүрілді. Осы тұста, наймандар мен меркіттерді сыртқы шапқыншылыққа қарсы біріктірген қандай күш деген сұрақ туындайды. Мұның себебі басқада емес, ол екеуінің ғасырлар бойы Орхон мен Селенга бойында бірге өсіп, біте қайнасқан туысқандығы мен сыртқы күштер алдындағы ортақ мүдделері еді.

Негізгі бөлім. «Найман» атауы ең алғаш Қытайдың «Ляо тарихында» (辽史) жазып қалдырылған. Онда Елюй Даши батысқа жорық жасағанда жол бойында кездестірген тайпалары қатарында наймандарды да атап өтеді. Бұл қытай деректеріндегі найман атауының нақ қазіргі оқылымында жазылуы болып табылады (辽史 69卷). Бірақ бұдан да ертеректе найман сөзі «Ляо тарихы» мен «Цзинь тарихында» няньбагэ (粘八葛)

[1] немесе няньбань (粘八恩) [2] түрінде кездеседі. Демек, найман этнонимі Ляо патшалығының Даоцзун патшасы өмір сүрген дәуірде (1085-1095) Қидан мемлекетіне мәлім болған. Ғалымдар наймандардың этникалық тегін ұйғыр, сегіз оғыз, қырғыз, қай, қидан секілді ежелгі этностармен байланыстырады. Тіпті, кейбір орыс ғалымдары, айталық В.В. Бартольд, Б.Я. Владимирцов секілді зерттеушілер наймандардың тегін моңғолға жатқызады. Бұған дәлел ретінде олар «найман» этнонимінің «сегіз» деген мағынаны беретін моңғол сөзінен келгендігін, моңғолдардың өздерінің әдеби тілі мен жазу үлгілерін наймандардан алғанын көлденең тартады. Біздіңше, Найман этносының тарих сахнасына шыққан кезеңі түркі тілдері мен моңғол тілінің әлі де болса бүгінгідей бір-бірінен мүлде ажырап кеткен кезі емес-тін. Ол кезде «найман» немесе «нәмін» сөзі түрік тілінде де болған. Оның үстіне, этноним көбінде ұлттың өз-өзін атауы арқылы емес, басқа этностардың оларды атауы арқылы пайда болады. Ал, моңғолдардың наймандардан ұйғыр алфавитін алуы олардың моңғол болғанына ешқандай дәлел бола алмайды. Керісінше, наймандардың Көк Түрік қағанатының мұрагері болып табылатын Ұйғыр қағанатының құрамынан бөлініп шыққанын дәлелдейді. Бұдан өзге наймандарды моңғолға жатқызатындар Юань патшалығы дәуіріндегі кейбір деректерде наймандарды «моңғол найман» деп көрсететіндігі. Бұл, наймандардың моңғолдардың қоластында болуына орай айтылған пікір. Шын мәнінде, моңғолдар Қытайды жаулап алғаннан кейін, бүкіл елдегі халықты төрт түрлі дәрежеге бөлген кезде, наймандарды екінші дәрежеге, яғни, сымужэндердің (түркі тектес түсті көзділердің) қатарына қояды. Мысалы, «Юань ши. Шицзудың өмірбаянында»: патша «бектердің еншіге алған жерлеріндегі басқарушылардың бәрі моңғол болсын» деп жарлық шығарды; «патша әр ру мен бектердің еншіге алған жерлерінде дарухашы мансабына тағайындалғандардың ішінде хорчин, қытан, қытай секілді ұлт өкілдері көптеп кездесетіні себепті, төмендегідей жарлық шығарды: хуэйхуэйлар, ұйғырлар, наймандар, таңғұттардан шыққан дарухашыларды моңғолдармен тең қарап жалғасты істетуге болады. Басқалары мансаптан алынып тасталсын» [3] деген деректер кездеседі. Демек, наймандар ол кезде моңғолдармен бірге бірінші дәрежеге кірмеген. Бұл наймандардың моңғолға жатпайтындығының жарқын дәлелі.

Жапон ғалымы С. Мураяма «Наймандар түрік пе, әлде моңғол ма?» деген мақаласында Кеңес Одағы ғалымы Л.Л. Викторованың зерттеулеріне және Рашид ад-Диннің «Жамиғ ат-тауарих» еңбегіндегі деректерге, жер-су және адам аттарына талдау жасай келіп, наймандарды түркі тілдес деп атап көрсетеді [4, № 3]. Юань патшалығы дәуіріндегі У Чэннің (吳澄) «У Вэнчжэн гунцзи» атты жазбасында: «әйгілі У–и қолбасы Есенбұға Наймандай (найман) елінен шыққан, ... Ұлы Майну қолы босай қалса атқа мініп, садақ атуға машықтанды. Өзі білімге құштар, һәм ақылды жан. Бұдан өзге, ол моңғол тілін біледі. Сол себепті, жастайынан патшаның дәргейінде жұмыс істеді», - делінеді [5]. Бұл найман тілінің моңғол тілінен өзгеше екендігінің, әрі найман мен моңғолдың екі басқа халық екендігінің көрінісі. Бұл, сонымен бірге, «моңғол» сөзінің ұлтқа да, мемлекетке де ортақ атау екенін көрсетеді.

«Жамиғ ат-тауарихтың» «Найман» тарауында: Шыңғысханмен соғысудан бұрын наймандардың Инаныч Білгі Бұқа хан деген ханы болған. Инаныч- сенім деген сөз, Билге- құрметті атақ, «ұлы» деген мағынада. Бұқа хан деген ертедегі бір ұлы хан. Ұйғырлар және басқа тайпалардың бәрі оны құрметпен еске алады. Сондай-ақ, оны ағаштан туған деп қарайды, - дейді [6, -227 б.]. Лю И-тан Ұйғыр қағанатының алғаш құрушысы Құлбойла туралы айта келіп, ол «Дүниені бойсындырушының тарихында» (Tarikh Djihan Kuschai) айтылатын Бұку тегін (Bucu tegin, Boucon tekin), кейінгі Бұку хан (Bucu Khan, Boukon Khan), Оу Ян-сюаньның «Гуйцзай жинағында» айтылатын Пугу қаған (普骨可汗) болса керек дейді, әрі «Дүниені бойсындырушының тарихында» Бұку хан әскерін ретке келтіріп, батысқа жорық

жасады. Ол Түркістанға келгенде суы тұнық, шөбі шүйгін бір жайылымды көрді. Сөйтіп, осы жерге қоныстанып қалды. Онда бір қала салып, оған Баласағұн деп ат берді. Ол қазіргі Гұбалық (Gou-balic, Gür-balik). Ол әскерлерін жан-жаққа аттандырды, арада он екі жыл өткенде жер бетіндегі елдерді түгел қоластына қаратты. ... зор жеңіске жетті. Сөйтіп, Бұқу хан Баласағұннан әскерін шегіндіріп, өзі туып-өскен өлкеге қайтты», - делінеді. Баласағұн қазіргі Орта Азия жерінде. Осындағы «Бала» сөзі Бойла дегеннен өзгерген. Ал «санғұн» қытайша цзянцзюнь (қолбасшы) деген сөз. Сондықтан, ол Бойланы еске алу үшін кейде Бойла-санғұн деп те аталады», - дейді [7, -158-159 бб.]. Осында тілге тиек етілген Бұқу, Пуғу хандар 745 жылы Ұйғыр қағанатын құрушы Құл Бойла қаған. Ал Ұйғыр қағанаты болса сегіз оғыздарды негіз етіп құрылған тоғыз оғыз және басқа да түркі тайпаларының бірлестігі. Ғылымда ол кейде Біріккен Түркі қағанаты деп те аталады [8, -201 С.]. Демек, XII-XIII ғасырлардағы Найман мемлекетінің қаған тұқымы VIII ғасырдағы Құл Бойла қағанды құрметтеп, оның атын жалғастырып отырған. Бұл ретте Бұқу, Пуғу деген кісі аттарының түпкі тегі – Бұқа. Мұның бәрі «Оғыз қаған» дастанында елге жол бастап жүретін Бұқа төтемінен бастау алады. Кейін бұл атау адам атына ауысқан. «Күшті, алып, киелі» деген мағынада. Жалпы, сол ерте замандарда Байқалдың оңтүстігінде, Селенга өзенінің бойында жасаған меркіттердің де арғы тегі бұқаны төтем еткен оғыз-түріктерінен бастау алады. Бурят ғалымы А. Тиманенконың жазуынша теле тайпалары (тоғыз ата тели немесе тоғыз өгіз) толықтай негізде хунну – гаогюй (динлин) – хуэйхэ – ұйғыр – меркіт этногенеологиялық арқауына бағынышты болып келеді [9, -34 с.]. Яғни, Ұйғыр қағанаты VIII-IX ғасырлар бедерінде қазіргі Орталық Моңғолиядан Байқал, Саян қабырғалары және Алтайға дейінгі аралықтағы түркі халықтарының саяси, мәдени және шаруашылық өміріне үлкен әсер еткен және оларды бірегей кеңістікке бағындырған.

Ескерте кететін бір жәйт - бұдан алдыңғы зерттеулерімізде көрсеткеніміздей, ертедегі «ұйғыр» атауы қазіргі ұйғырлармен баспа-бас ұқсас мәндегі ұғым емес. Ертедегі ұйғырлар тұтас Ұйғыр аталған мемлекеттің құрамында өмір сүрген түркі тайпалары. Дегенмен, олардың тіл, дәстүр, діни сенім және тотемдік культі, мемлекет басқаруы, жазу мәдениеті жағында ортақ белгілері болды. Белгілі мағынадан алғанда, Найман және Меркіт мемлекеттері Ұйғыр қағанаты жойылғаннан кейін, оның орнында жаңадан бой көтерген саяси билік болды. Олар Ұйғыр қағанатының соңғы кезінен бастап, Байқал бойынан Саян қабырғасына, одан Алтай тауынан Өтүкен (ханғай) қойнауына, Орхон, Тоғла өзендерінің бойына дейінгі аралықта көшпенді мал шаруашылығымен және аздаған отырықшы шаруашылықпен шұғылданды. Олар солтүстік-батысында қырғыздармен және ойраттармен тығыз қарым-қатынаста болды. сондықтан Алтай-Саян, Орхон-Селенга өңірі бөлінбейтін бір тұтас этно-мәдени аймақ. Сондықтан тарихта осы өңірлерді мекендеген этностардың арасында ауыс-түйіс жиі болып тұрған.

«Юань патшалығы. Жағрапия баянында» (元史地理志) наймандар ең ертеде Цянь өзенінің (謙可) бойында жасаған дейді. Бұған негізделіп олар Таң дәуірінде оңтүстікке ойысқан бір бөлім қырғыз тайпаларынан дамып жарыққа шыққан болуы мүмкін деген де көзқарастар бар [10, -347 б.]. XI-XII ғасырлардағы солтүстіктегі дала халықтарының ішінде наймандар ең дамыған этнос еді. Олар басқаларына қарағанда біршама ертерек ауқымды мемлекеттік құрылымдарын қалыптастыра алды. Олардың әскери қолбасшылары, таңба ұстаған ұлығы, қазыналық есепшісі болды, әрі ұйғыр жазуын істетті. Ақсүйектері несториан сектасындағы христиан дініне сенген әрі бақсылардың ықпалы да едәуір болған [11, -3880 б.]. Кей деректерге жүгінсек, христиан діні «тарса» діні деп аталған. Сол себепті Ұйғыр мемлекеті де басқалар тарапынан «Тарса елі» деп аталған [7, -4]. Демек, наймандардың христиан дінін ұстануы Ұйғыр мемлекеті кезінен қалған дәстүр. XIII ғасырдағы Қытай саяхатшысы Чанчун Чжэнреннің «Батысқа саяхат естелігінде» көп жерде оларды мемлекет

(国) деп атайды¹. Ол өз жазбасында «мен Чжунлу (仲禄) осы жылдың мамыр айында Найман мемлекетінің ордасында қаған жарлығын тапсырып алдым», -дейді. Найман хандығындағы саяси биліктің қалыптасуы туралы «Юань тарихы. Тайцзу патшаның ғұмырнамасында» және «Моңғолдың құпия тарихының» 196-үзiгiнде айқын атап көрсетедi, яғни, онда кез келген iске кесiм жасайтын, ақша мен астықтың кiрiс-шығысын есептейтiн арнайы мансапты болған. Патшаның оған тапсырған билік сивмолы іспетті мөр-таңбасы «жақсы, қабілетті адамдарды қызметке тағайындап, түрлі жарлықтарды шығару үшін пайдаланылған». Осыдан-ақ, сол кезде наймандарда қазыналық саясатты, мансаптылардың тағайындалу ісін және қағанның әмір-жарлықтарын жүргізетін уәзір деңгейіндегі мансапты болғаны белгілі [12, -263]. Бұдан өзге, олардың «ірі әрі сұрыпталған қосыны болған». Ал оның ру-тайпа басшыларымен қағаны айнала жұрттың құрметіне бөленген [13, -224]. Осындай бір әлдеқайда әлеуетті елдің шет-шекарасы «Алтын тау (Алтай), Қара-қорым таулары, Елу-сала таулары, Ертіс көлі (Зайсан көлі), Ертіс өзені, сондай-ақ осы өзен мен Қырғыз арасындағы таулы аймақтарды қамтитын. Солтүстік шеті Қырғызға, шығысы Керейге, оңтүстігі ұйғырға, батысы Қаңлыға жететін» [14, -43].

Найман қағанатының солтүстігінде, Байқал көлінің оңтүстігі мен оңтүстік-батысында меркіттер өмір сүретін. Ұйғыр қағанаты құлағаннан кейін, олар да дамып мемлекеттік деңгейге жеткен болатын. Осы кезде меркіттер мен қырғыздардың арасында ойрат елі өмір сүретін.

Меркіттер болса Таң дәуіріндегі тарихи деректерде көзге түспегенімен, Қытайдың солтүстігінде қидандар құрған Ляо патшалығы (907-1125) кезінде әлде қайда маңызды тайпалардың біріне айналды. Сол себепті, жоғарыдағы «Ляо тарихында» олардың орналасу жағдайы мен әрекет ету аумағын қысқаша шолып өтеді. «Ляо тарихында» шоулун жылнамасының 2-жылы (1069 ж.) «желтоқсан айында Хантэла мелицзилер (梅里急) үстіне жорық жасап оларды талқандады»; 3-жылы (1070 ж.) тағы да: қараша айында солтүстік-батыс шептегі қосындардың басшысы меркіттерге жорық жасап жеңіске жетті», -делінеді. Осы аталған Мелицзи біз айтып жүрген меркіттер (蔑儿乞惕) болып табылады. Олар алғашында қидандардың қоластында болды. Қидандар жүржіттер тарапынан жеңіліп, Елюй Даши өз халқын бастап батысқа жорық жасаған кезде, Құмдықтың солтүстігінде бастарын қосқан 18 тайпаның ішінде меркіттер де бар болатын [15]. «Даоцзун патшаның ғұмырбаянында» шоулун жылнамасының 2-жылы қаңтар айында цзубулардың көсемі Моншақ, няньбағэлардың көсемі Тоғырсақ, мелицзилердің көсемі Құлұба бұрынғы жерлерін қайтарып беруді айтып, жергілікті өнімдерінен сый-сыбаға әкелді», -делінеді. Демек, XI ғасырдың екінші жартысында меркіттер (мелицзилер) цзубулармен (керейлермен) және нияньбағэлармен (наймандармен) көрші отырған әрі мемлекеттік маңызға ие мәселелерде ортақ әрекетке келіп отырған.

Меркіт тайпасы XIII ғасырдың бас кезінде барынша дамыды, сөйтіп, Шыңғыс ханның Алтайлық ареалдағы түркі-моңғол тайпаларын түгел бойсындыруына кедергі келтірді.

Рашид ад-Дин «Жамиғ ат-Тауарих» еңбегінде олардың төрт атаға бөлінетінін жазады, яғни: Айғұс меркіт, Мудан меркіт, Тудалин меркіт, Хьюун меркіт [13, -186]. Бұл төрт ата төрт үлкен тайпадан тұрады. Көне қытай тіліндегі тарихи әдебиеттердің тілдік дәстүрі бойынша оларды «төрт меркіт» деп атаса дұрыс болар еді. Бірақ Шыңғыс хан дәуірінде жазылған «Моңғолдың құпия шежіресінде» тек меркіттің үш тайпасы туралы жазады. Тұтас кітаптың өн-бойында манағы төрт меркіт туралы бірде бір сөз айтылмайды.

¹Оларды мемлекет деп атайды (称其为国).

Мысалы, 102 үзікте: «бұл шабуылдаған қосындар үш меркіттікі болатын, Уduit меркіттің Тоқта, убас меркіттің Дайыр-үйсін, Қады меркіттің Қатай Дармаласы үшеуі бірігіп, ертеде Шіледуден Уәлін әжейді тартып әкеткенінің қарымын қайтару үшін келген болатын» [16,-102],-дейді. Осында тілге тиек етілген үш меркіттің ішіндегі Убас жоғарыда айтылған «Айғұс», Қады болса «Хыун», Уduit дегені «Тударын» болса керек [12, -250 б.]. Ал Рашит ат-Диннің 1247-1318 жылдары аралығында өмір сүргенін ескерсек, ол Шыңғыс хан дүниеден өтіп көп өтпей, Моңғол Юань патшалығының дәуірлеп тұрған кезінде төрт меркіт туралы айтып отырғаны ой салады. Демек, меркіттер алғашқы кезінде шынымен төрт ата болып, солардың ішіндегі біреуі кейін келе тарих сахнасынан жоғалып, ақыр аяғында үш атасы ғана қалған болуы мүмкін. Сондықтан, Шыңғыс хан дәуірінде моңғолдар оларды бірден үш ата деп атаған. Мұндай жағдай көшпенді халықтардың тарихында жиі кездеседі. Кімде-кімнің ұрпақ-жұрағаты өсіп-өнбесе оның ру аты да біртіндеп ғайып болатыны белгілі.

Көптеген әдебиеттерде олардың Байқал көлінің оңтүстігіндегі Селенга аймағын қоныстанғаны сөз болады. Тарихи деректер де бұл өлкенің шынымен меркіттердің байырғы қонысы болғанын жазады. Мысалы, С. Д'оссонның «Моңғол тарихында» «көшпенді этнос болып табылатын меркіттерге... (1197 ж.) күзде, Темүжін мен Оң хан шабуыл жасады, олардың бір бөлігін Селенга өзенінің бойындағы Молдже (Moldje) деген жерде жеңді. Темүжін қолға түскен тұтқындарының бәрін Оң ханға берді. Келесі жылы, Оң хан өз жұртын жинап, Темүжінмен тіл байласпай тұрып өз бетімен меркіттерге шабуыл жасады. Оларды Тохар-Кере деген жерде жеңді ... Тоқта Селенга суын бойлап, Байқал көлінің шығысындағы

Барқұжын деген жерге қарай қашып кетті» [14, 43],-делінеді. «Қытай тарихы» (中国史稿) атты еңбектің V бөлімінде: «Керей тайпасы моңғолдардың батысында, олардың жайылымды алқаптары негізінен Тоғла өзенінің бойы; меркіттер керейлердің солтүстігінде жасайды, негізінен Селенга өзенінің бойында көшіп-қонып жүреді; наймандар керейлер мен меркіттердің батысында, Алтай тауы мен Ханғай тауының арасын мекендейді»[17, -400-401 бб.],-делінеді. Өзгелер де меркіттерді Селенга өзенінің алқабында қоныстанған дейді[18]. Бұдан меркіттердің шынымен Селенга өзенінің орта және төменгі аңғарын мекендейтінін көреміз.

Демек, Шыңғыс ханның моңғолдарды біріктіруінің қарсаңында далалық елдердің ішінде де татар, жалайыр, меркіт, керейіт, найман тектес тайпалар өмір сүрді. Бұлардың шығу тегі, қоныстанған жерінің шет-шекарасы, тұрмыс-салты, аңыз-әфсаналары жайында «Жамиғ-ад-тауарих» пен «Моңғолдардың құпия шежіресінде» егжей-тегжейлі мәліметтер берілген. Біз әңгімелеп отырған найман және меркіт жұрттары бұл халықтармен тығыз саяси, экономикалық және мәдени байланыста болды. Наймандардың шығысында қоныс тепкен керейлер де қытай деректерінде «цзубу» деген атпен белгілі болды.

Әуелі керейлер мен наймандардың өріс-қонысы бір-біріне тиіп тұрғандықтан, наймандар көптігіне арқаланып, керейлердің жерлерін тартып алу үшін, ылғида керейлердің өз ішіндегі хан әулетінің араз-аштылығынан пайдаланып, олардың бірін біріне айдап салып отырды,-дейді Су Бэйхай [12, -264 б.]. Бұл әрине, асырып айтылған. Тарихи деректерде наймандардың өз бетімен керейлердің жеріне басып кірген немесе жаулап алғаны туралы мәліметтер кездеспейді. XII ғасырдың соңғы кезінде Тоғрыл Оң хан тақта отырған кезінде, өзімен бір туысқан хан әулетінен біраз кісілердің көзін жойды, осындай жағдайда кіші әкесі Гүрхан Найман Инаныч ханның ордасына қашып барды. Инаныч хан әскер шығарып Гүрханға көмектесіп, Тұғрыл ханды жеңді. Тұғрыл хан жүз ғана адаммен Темүжіннің әкесі Иесукей баһадүрден көмек сұрап барды. Иесукей оған көмек ретінде қол аттандырып Гүр-

ханды Таңғұт еліне (西夏) қуып жіберді. Кейін, Оң ханның інісі Еркеқара ағасының қысымына шыдамай Найман ордасына көмек сұрай келді. Инаныш хан Ерке-қараға әскери қолдау көрсетіп, Оң ханды қуып шығып, оны Қара қиданнан көмек сұрауға мәжбүр етті

[19,-73]. Бұл сол кезде Найман елінің күш-қуаты мығым екенін көрсетеді.

Бірақ, кейін келе, наймандардың көсемі Инаныч Білгі Бұқа хан қайтыс болған соң, артында қалған екі ұлы Тай-бұқа мен Бұйрық билікке таласып, өзіне қарасты ел-жұртын бір-бірінен бөліп алады. Бұйрық хан өзіне ерген елмен Алтай тауының күнгейі мен теріскейіне қарай қоныстанды; Тайбұқа әкесінен қалған жерлерге ие болып Ханғай тауын айнала жазық далаға жайғасты. Бұл ағайынды екеуі бір бірінен бөлінбей тұрған кездерде Темүжін мен Оң хан қанша мәрте күш біріктіре отырып наймандармен соғысқан болса да, оларды жеңе алмаған болатын.

Темүжіннің мақсаты ұлы еді. Ол үшін басты қауіп батыстағы наймандар, одан қалса солтүстігіндегі меркіттер еді. Найман мен меркіттердің бұрыннан жақын одақтас екенін жақсы білетін Темүжін, ең әуелі басты соққы беру нысаны ретінде наймандарды таңдады. Наймандардың екі бөлікке бөлініп кеткенін естісімен, 1199 жылы Керей Оң ханмен бірлесіп, күш-қуаты әлі де жеткіліксіз Бұйрық ханның еліне шабуыл жасап жеңіске жетті. Бірақ қайтар жолында моңғол-Керей қолы Байтарақ белегіріне келгенде Найман қолбасшысы Көксау Саурық олардың жолын тосып тұрады. Р. Груссе бұл жер Қобда мен Үліңгір өзені бойынан Тоғлаға қарай қайтқанда тура жол үстінде дейді [19, 87 б.]. Кеш батып кеткендіктен, екі тарап осы жерде қоналқылайды. Бірақ түн ортасында Тұғрыл Оң хан көп жерден от жағып тастап, Темүжіннің көзін алдап соғыс шебінен тайып тұрады. Таң ата жау алдында қауіпті жағдайда қалған Темүжін де оның кетіп қалғанын білген соң, дереу шегініп, бағытын өзгертіп, солтүстікке қарай тартып, Едір-Алтай арқылы өзінің Кентай тауының бөктеріндегі Саргер жайлауына өтіп кетеді.

ХІІ ғасырдың соңы мен ХІІІ ғасырдың бас кезінде монғол тайпалары да бірлескен Монғол мемлекетін құру үшін бір-бірімен үзбей қырқысып келген болатын. Сол кезде бас билікке таласушылар екі ірі блокқа бөлінді. Бұлардың бірі монғолдардың бөржігін тайпасының басшысы Темүжін көршілес Керей Оң ханмен бірлесіп, меркіттер мен татарларды, тайшұғыттарды бойұсындырды. 1201 жылы ойраттардың бастығы Құртқабек татар, найман, меркіт, тайшығұт қатарлы бірсыпыра тайпалармен бірлесіп, Алғұй-бұлақ деген жерде зор құрылтай ашып, жажырат тайпасының бастығы Жамұқаны барлық монғолдардың ұлы ханы ретінде мойындап, оған «горхан»² деген лауазым берді, әрі ұйымдасып Темүжін мен Керей Оң ханға әскер аттандырмақ болды. Сол кезде ойраттардың елбасы Құртқабек Жамұқа аттандырған бірлескен қолдың бас сардары болып, Қойтан-қиясында Шыңғыс және Оң хан қолмен соғысты. Құртқабек бастаған бірлескен қолдың ішінде тайшұғыттарға Аушы батыр, наймандарға Бұйрық, меркіттерге Тоқтабек қолбасшылық етті. Екі жақ шеп бұзып соғысқа кірместен бұрын Бұйрық пен Құртқабек екеуі өздерінің күн жәйлатып, жауын жаудыратын әдістеріне салып, жаңбыр жаудырып, тұман түсірді. Нәтижеде оның кесірі өздеріне тиді. Шыңғыс қолының күшті шабуылы, оған қоса алай-дүлей соққан нажағайлы жаңбыр Жамұқа одағын қатты ойсыратты [20, 46 б.].

1203 жылы Оң хан мен Темүжін арасында қайшылық пайда болып, Темүжін өзінің өкіл әкесіне қатты ренжіді. Ол керейлердің өзіне қарсы қол сайлап жатқанынан хабар табысымен дереу аттанып, оларды күйрете жеңді. Керей Оң хан қашып наймандардың шекарасына барғанда, Найманның шекара қарауылдары тарапынан өлтірілді.

Таян хан Керей елінің Темүжін тарапынан күйрегенін естіген соң, оңтүстік-шығысында орналасқан оңғұттардың көсемі Алақұс-тегін Құриға елші жіберіп, Темүжінге қарсы күш біріктіруді талап етті. Бірақ Алақұс-тегін адам жіберіп, Таян ханның мақсатын Темүжінге әшкерелеп қойды. Бұл жәйді естіп Темүжін дереу әскер аттандырып Найманға жорық жасамақ болды әрі қосындарын Жантыхай тауына жинады.

²Мұсылман тарихшылары «горхан» сөзін хандардың ханы деп түсіндіреді – авт.

Таян хан да Меркіт ханы Тоқта бекке, Керейдің Әлен тайжісіне, Ойрат ханы Құртқа бекке, Жажыраттың Жамұқасына, сондай-ақ, Дүрбен, Татар, Хатажін, Салжуыт тайпаларынан құрам тапқан қосынға басшылық етіп, Алтай тауынан шығысқа қарай шеру тартып, Ханғай тауына келіп бекініп, сақадай сай тұрды [12, -267-268 бб.].

Темүжін болса інісі Қасарға маңдай қолды бастатып, өзі қапталдан соғысқа кірді. Таян хан қосындарының сапында жүрген Жамұқа сап түзеген моңғол қолының сондай ретті әрі айбатты екенін көргеннен кейін, ол өз қосындарын бастап басқа жаққа тайып тұрды. Енді Таян ханның өз қосыны ғана қалып, моңғолдармен таң атқаннан кеш батқанша соғысады. Соңында Таян хан қолға түсіп, ауыр жарақаттан көз жұмды. Ұлы Күшлік қоршауды бұзып шығып кетті. Қолбасшысы Қорису-беш қоластындағы әскер басыларын жігерлендіріп, жанқиярлықпен шайқасты жалғастыра берді. Ең соңында денесінің сау тамтығы қалмаған ол да тірідей қолға түсті. Найманның қалған қосындары түн ішінде Нақу-гүң тауының қия-құзынан құлап мерт болды. Бұл жағдайды көзімен көрген Темүжіннің өзі де қатты әсерленеді.

Осылайша, наймандар Темүжіннің солтүстік қыр өлкесіндегі ең күшті қарсыласына айналды. Найман ханы Таян соғыста мерт болса да, оның ұлы Күшлік әлі де тірі еді. Мұндайда Шыңғыс ханның көңілі жай таппады, ол Күшліктің қашып кеткен хабарын естігеннен кейін, бірден оның қыр соңынан түсті. Сонымен бірге, Меркіт Тоқта бектің ұлы мен оның қалдық қосындары да түбегейлі жойылмаған болатын. Бұл кезде тек наймандар мен меркіттерді түбегейлі жойғанда ғана Солтүстік қыр өлкесі толық бір орталыққа бағынған есептелетін [12, -270].

1206 жылғы құрылтайдан кейін, Шыңғыс хан наймандарға қарсы соғыс жариялады. Сол кезде Бұйрық өз бауыры Таян ханға қарсы соғыс қозғап, өзі түрікше Ұлықтағ деп аталатын таудың маңындағы Сузақ өзені бойында аң аулап жүрген еді. Шыңғыс хан оның алаңсыз жүрген орайынан пайдаланып, оған шабуыл жасап өлтірді... Сөйтіп, Бұйрықтың мал-мүлкін өзіне қаратып алды. Оның немере бауыры Күшлүк – Таян ханның ұлы, меркіт Тоқтабекпен бірге Ертіс өзенінің жоғарғы жағына қарай қашып кетті. С. d' Ohsson: «Ұлықтағ (Ouloug-tag) Кіші Алтайдың батысындағы бір тармағы, Балқаш (Balcasch) көлінің жоғары жағында. Сібір мен көне Түркістанның түйіліскен тұсының батысында» [14, 60 85],-деп атап көрсетеді.

С. d' Ohsson бұл жерде «Юань тарихында» айтылатын Ұлық тағты қазіргі Жезқазған жеріндегі Ұлытаумен шатастырып алғанға ұқсайды. Сол себепті, ол бұл жерді Балқаш көлінің жоғары жағында, Сібір мен көне Түркістанның түйіліскен тұсының батысында дейді (21, – 61 б.). Рашид ад-Дин моңғолдар сол жылы, яғни 2006 жылы Сузақ өзені бойында аң аулап Бұйрыққа шабуыл жасады дейді. Парсы тарихшысы айтып отырған Сузақ өзені П. Пеллионың пікірінше, «Моңғолдың құпия тарихында» айтылатын Соқоқ өзені, яғни қытай деректерінде айтылатын Сухэ өзені болуға тиіс, бұл Алтай тауының солтүстік-шығысындағы Қобда өзені болуға тиіс (22, –172 б.). «Юань тарихы» да Бұйрық ханның осы Ұлытағта моңғол қолы тарапынан өлтірілгендігін тілге тиек етеді. Демек, көне түркілердің «Ұлытағ» деп атаған бұл тауы Алтай тауының солтүстік-шығысындағы Бұлғын өзені маңындағы тау болып табылады. Найман қағанатының тағынан дәмелі болған Бұйрық хан осы жерде моңғолдар тарапынан өлтіріледі. Дегенмен, бұл оқиға «Моңғолдың құпия шежіресі» бойынша бұдан бір жыл бұрын, яғни, 1205 жылы орын алғаны белгілі. Бұл осындағы Табын-боғда тауы болса керек. Бұйрық осында өлтірілген соң, Күшлік пен Тоқта бек Алтай тауынан асып түсіп, Қара Ертіс өңіріне (Өр Алтайға) барады. Одан ары 1208 жылы көктемде, қалың қол Алтай тауының ең биік нүктесі Алай шыңынан (Қойтан шыңы) асып, сол жерде қашып бара жатқан Найманның Күшлік ханы мен Меркіт Тоқта бекке кездеседі. Бұқтырма өзені бойындағы шайқаста Тоқта бек өліп, балалары оның басын жауға

бермейміз деп кесіп алып кетеді (元史 Рашид ад-Дин. Жамиғ ат-Тауарих). Бұл соғыс С. d' Ohsson-ның «Моңғол тарихында» 1208 жылы жаз айында болған делінеді [14,-79 117 б.].

Су Бэйхайдың жазуынша, Шыңғыс хан Бұқтырма алқабында Найман-меркіттің біріккен қолын талқандаған соң, Ертіс өзенінен өту кезінде олардың көп адамы қырылып қалса да, қалғандары Алтай тауының шығысындағы көне қоныстарына қарай ығысып, тағы да қол жинап ең соңғы мәрте мықтап шайқасып қалуды ойлайды дейді [12, -270 б.]. Сондықтан, ол мына деректерді және ғылыми әдебиеттердегі мәліметтерді негізге алады: «Юань тарихының» «Сүбедей баянында», «Суэбутаи баянында», «Барчүк Артекин баянында» түгелдей ең соңғы ақтық айқасты Янь (元) өзенінің бойында болды, осы соғыс арқылы Темүжін наймандар мен меркіттердің біріккен қолын түбегейлі жойды деп жазады, бұл Қос Шіңгіл өзенінің құйғаны жақта, яғни Өр Алтайда дейді. Бұл дұрыс емес. Бұл жердегі Янь Сарыарқаның батысындағы Жем өзені. Аталмыш Янь өзені туралы Хан Рулин: «Күшліктің жеңіліп қашқан жағдайы мен оның жүріп өткен маршрутынан қарағанда оның және оның әкесінің мекендеген жері Ертістің жоғарғы сағасындағы далалық алқаптар болған»[23, -343] дейді. Дұрыс-ақ, бірақ бұл олардың Шыңғыс хан шапқыншылығына ұшырамай тұрған кездегі өріс-қонысы болатын. Бұл ретте Су Бэйхайдың Чжан Синланның

(张星) берген түсініктемесіне негізделіп, наймандар Ертіс өзенінің шырқау басын мекендеген, яғни, Алтай тауының шығысы мен батыс бөктері бірдей соларға тән болған» дегені де [12,-270 б.] олардың бұрынғы жағдайы туралы мәлімет болатын.

1208 жылы күзде, Шыңғыс хан Найман Күшлік хан мен Меркіт Тоқта бекке қарсы жорыққа аттанғанда қалың қолға ойрат ханы Құртқа бек қолбасшылық етеді. Бұл шайқас Рашид ад-Динде Меркіт пен Найман тайпаларының Шыңғыс ханмен ең соңғы шешуші шайқасы болды дейді. Ол былай дейді: «Наймандардың көсемі Таян ханның Шыңғыс ханға қарсы ең соңғы шайқасында Тоқта бек онымен бірге болды, ол қан майданға кіріп ерлікпен шайқасты. Таян хан соғыста өлгеннен кейін, Тоқта бек өзінің бір ұлын ертіп, Найман Бұйрық ханның дәрегейіне барды. Шыңғыс хан тағы да әскер аттандырып, Тоқтабектің қыр соңынан түсті. Тоқта бек соғыста мерт болды. Оның інісі Құты мен ұлдары Шылауын, Ма-жар (Majar), Түсеген (Tusakān), оның денесін жасырып кетпек болды, бірақ оны жерлеуге үлгіре алмады, сөйтіп амалсыздан басын кесіп өздерімен бірге алып кетті. Олар ұйғырлардың жерінің шетіне барғанда, Бұқан (Bukan) деген елшісін Идікұттың қала жамбылына жіберді. Идікұт патшасы олардың арасында соғысып көргендіктен, оны өлтіріп, кісі жіберіп жағдайды Шыңғыс ханға мәлімдеді» [13, -189-190]. Осында айтылғандар «Юань тарихы.

Барчүк Артекин баянындағы» (元史巴而忒的斤传) мәліметтермен сәйкес келеді.

Су Бэйхай наймандар мен меркіттердің Шыңғыс қолына қарсы күресі негізінен Алтайдың шығыс жағында, қазіргі Қос Шіңгіл өзенінен Бәйтікке дейінгі алқапта өткен дейді. Ол Бәйтік маңындағы Нарманты тауының атауы ертеректе Найман тауы деп аталған дейді. Ол Найман және Меркіт қолының Алтай іргесінен Еренқабырғаға қарай кеткен барысында жүріп өткен жер бөгенайын былайша суреттейді:

Бүгінде Шіңгіл ауданынан оңтүстікке қарай 90 километр жерде Эртай елдімекені бар. Эртайдан оңтүстікке қарай біраз жүргенде Наймантау (乃蛮山) деген жер бар. Осы таудан оңтүстікке қарай Құланқазған, Қарамағай, Цзицзиху көлі арқылы Шонжыға немесе Мориға дейін көсілген шөл дала жатыр. Құлашын кеңге жайған, ұлан-ғайыр құм төбелер мен ғажайып сораң керіштерден тұратын бұл алқап Үліңгір көлінің оңтүстігі мен Бәйтік тауының батысынан, Жоңғар ойпатының солтүстік-шығысынан басталады. Осындағы көшпенді малшылардың көктеуі мен күзеуі болып келген бұл жерлер ерте заманнан оңтүстік пен солтүстікке, шығыстан батысқа қатынайтын көне жол торабы болатын. Ал

Наймантау болса Бәйтік тауынан Алтайға дейін созылып жатқан тау сілемі болып стратегиялық орны төтенше маңызды. Сыртқы Моңғолиядан «Батыс өңірге» баратындар осы тауды басып өтеді. Сондай-ақ, ол Шығыс Алтайдан оңтүстікке ойысып, Тянь-Шаньға баратын маңызды жол. Сол себептен, тарихтағы әскери күштер алдымен осы жерді иелеп қалуға тырысатын. Оның Санғұн шөлі (将军戈壁) деп аталуы да сол себептен дейді [12, -271 б.].

Жалымның пайымдауынша, 1211 жылы Шыңғыс ханның әмірімен Орта Азияға сапар шеккен Чанчун Чжэнрэн Алтай тауынан оңтүстікке беттеп осы жерлер арқылы Шонжыға жеткен. Сол себепті, «Батысқа саяхат естелігінде» ол осы жолдың жағдайын суреттей келіп: «Біз алда Сүйек қаласы (Байгудянь) деген жерден өтеміз. Ол маңда қара шағыл тастан басқа ештеңе жоқ. Шамамен 200 лидер жол жүргеннен кейін сусыз шөл даланың шетіне жетеміз. Шөлдің бергі шетінен арғы шетіне жету үшін жүз ли жол жүріп әрең шығады. Ал осы шөлдің батысы мен шығысының қанша ли болатынын ешкім де айтып бере алмайды. Тек ұйғырлардың қаласына жеткеннен кейін ғана отты, сулы жерлерге ілінеді», - дейді. Ол тағы да: «Сүйек қаласы ерте заманда соғыс майданы болған жер. Жорықшылар бұл жерге арып-ашып әрең жететіндіктен, бұл өңірден әр он адамның бірі ғана әрең аман шығатын болған. Сөйтіп, бұл жер ажал апаны тәрізді еді. Жуырда Найман елінің қолы да дәл осы жерде жеңілген екен» [24, -98 б.], - дейді. Найман, Меркіт қолының Шыңғыс ханмен ең соңғы ақтық айқасы осында болғанын және Чанчун Чжэнрэннің сол соғыстан кейін араға 10 жыл салып осы жерден өткенін ескерсек, ол туралы деректердің жергілікті тұрғындардың санасында әлі жаңғырығып тұрғаны рас. Наймандардың ойсырай жеңілген кезде осында баудай түсіп қырылғаны және жер бетін ақ сүйек жауып қалғаны, сөйтіп бұл жердің Сүйек қаласы атанғаны тарихи шындық. Бұл Найман-Меркіттің қалдық бөлімдерінің осы жер арқылы оңтүстікке қарай бас сауғалағанының пәрменді айғағы дейді ғалым.

«Юань тарихы. Барчук Артекин баянында» меркіттердің жеңіліп қашқан бекзадалары жайлы айта келіп: «төртеуі ... оның басын кесіп алып Ертіс өзенінен өтіп, Идікүтқа қарай кетті. ...төртеуі Янь (橈可) өзенінің бойына барғанда тағы да соғысты», - делінеді. Бұл С. d' Ohsson «Моңғол тарихындағы» Найман мен Меркіт қолының ең соңғы мәрте жеңіліп шегінген жолының бағытымен сәйкес келеді. Яғни бәрінде де олар оңтүстікке ойысып Ертіс өзенінен өткеннен кейін Чжань (Янь) өзенінің бойына келіп, одан соң Идікүтқа барады. Су Бэйхай: сол кезде Ұйғыр Идікүт мемлекеті бүгінгі Тұрфан ойпаты мен Жемсары алқабын орталық еткен Гаочан ұйғыр аймағында билік жүргізетін. Демек, Алтай тауынан оңтүстікке беттеп Идікүт өңіріне бару үшін осы Чжан өзенінен өту керек болатын. Сондықтан осында үлкен шайқас орын алды. Бұл жайлы жазылған деректердің бәрі бір-бірімен ұқсайды. Демек, сол кезде Чжан өзенінің стратегиялық орны айырықша маңызды болған. Қандайда бір оңтүстікке қарап бет алғандар бұл жерді басып өтетін. Чжань өзені бойындағы шайқастан соң, меркіттер Шыңғыс хан тарапынан толықтай күйрейді, әрі қайтып бас көтеру мүмкіндігінен айырылады дейді [12, -254 б.]. «Юань тарихы. 121-бума. Сүбедей баянында»

(元史卷 121. 速不台传) бұл туралы: «Бұл кезде меркіттер әлі де есе бермей тайталасып жатқан болатын. Тышқан жылы қаған Тоғла өзенінің бойындағы қара орманда³

³Мәтінде Хэйлин делінген. Хэйлин (黑林) – Қара орман деген сөздің қытайша мағыналық аудармасы. Жалпы бұл сөз нақтылы бір жердің аты болмағанымен орманы көп жер дегенді білдіреді. Ол орманы көп жердің бәріне қарата айтылуы мүмкін. Мысалы, Қара Ертіс (Qara-Ertish–Ертістің орманы көп бөлігі), Қарақорым (Qara-qorum–орманы көп, қорым тасты жер) деген сөздер орманның көптігіне байланысты қойылған атаулар. «Моңғолдың құпия шежіресінде» «Tugla-in Qara-tüne» (Тоғла өзунінің қара орманы) деп алынған. Бұл қытайшаға мағыналық аудармамен алынған сөз. Бұл қазіргі Ұланбатыр қаласының оңтүстік-шығыс жағында бұрын Керей Оң ханның ордасы орналасқан жер. Шыңғыс хан оны басып алған соң, өз ордасын сонда орнықтырған болатын.

қолбасшыларының басын қосып, олардан «мен үшін меркіттердің көзін құтып келетін қайсың бар?»-деп сұрайды. Сонда жорыққа аттануды Сүбедей өзі тілеп алады. Қаған оған рұқсат бреді. Сонымен, Аличуды сұрыпталған жүз адаммен алдыңғы жаққа барлаушы етіп шолғынға жібереді де, Сүбедей негізгі қосынды бастап олардың соңынан жолға шығады. Сүбедей Аличуға: «Сендер өздеріңмен бірге біраз жас сәбилерді қосып ала жүріңдер, онда барғаннан кейін, қонған жұрттарыңда жас сәбилерді қалдырып кетіп отырыңдар. Сонда олар сендерді қашып жүрген босқындар екен деп ойлап, еш күдіктенбейтін болады», - деп тапсырады. Меркіттер оларды көріп, айтқандай-ақ, бұлар босқындар екен деп ойлап, олардан еш күдіктенбейді. Қоян жылы, қалың қол Чань (蟬) өзенінің бойында меркіттермен кездесіп, алғашқы сайыстардың өзінде олардың екі бірдей қолбасшысын қолға түсіріп, елін түгел тізе бүктіреді. Олардың бегі Ходу (霍都) қашып Қыпшаққа кетті. Сүбедей олардың қыр соңынан түсіп жүріп, қыпшақтармен Юйюй (玉峪)⁴ деген жерде шайқасып, оларды жеңді» [25, 89], - делінеді.

Су Бэйхайдың наймандар мен меркіттерді тек қана Алтайдың шығысы арқылы еренқабырғаға өтіп шықты деген көзқарасымен келісуге болмайды. Өйткені бұл жердегі жер аттары Алтай тауының шығысы емес, батысын меңзейді. Бұдан бұрын айтылған Чжань

(鞏) және бұдан соң айтылатын Чань (蟬) өзенімен бір жер. Мұнда автор Меркіт қолының ең соңғы жеңілген жерін Алтайдың батысынан емес, керісінше, қайта айналып Алтайдың шығыс сілемі жақтан, нақтырақ айтқанда, қазіргі Үліңгір өзенінің жоғарғы жағынан, Қос Шіңгілдің (Бұлғын, Шіңгіл өзендерінің) құйған жерінен іздейді. Осы арадан Идікүтқа қарай кеткен дейді. Бірақ, сол кездегі жағдайға байланысты, Шыңғыс қолынан жеңілген наймандар мен меркіттердің Ертіс өзенін бойлап артқа қайтуы мүмкін емес еді. Мұндайда, меркіттердің соңғы шайқасқа шыққан жерін Сарыарқа жақтан іздеген жөн. Яғни, осы айтылған Чжань (鞏) немесе Янь (檐可) өзені қазіргі Жем өзені болуы әбден мүмкін.

Күшлік Идікүт Ұйғыр аймағына барғаннан кейін, бұл жердің әлдеқашан Қара қидан үстемдіне өткенін, оның үстіне Қара қидан ордасының Орта Азиядағы Құзорда қаласында орналасқанын ескеріп, Қара қидан әміршісімен амалын тауып байланыс орнатуға, сол арқылы наймандардың ықпал күшін қайта қалпына келтіруге асықты. Кей деректерге қарағанда, ол Күшар алқабындағы тау-таста сергелдең болып жүріп, тұрмыста қиналғандықтан, қасындағы бұқара-қосшылары жан-жаққа тарап кетеді. Кейін, Қара қидан гүрханы

Желегудің (直魯古) әскерлері оны ұстап алып, Гүрханның ордасына алып келеді. Сөйтіп, ол келген бетінде Гүрханның ықласына бөленеді. Гүрхан онымен қоймай қызын оған атастырады. Осылайша, Күшлік Желегудің үлкен сеніміне кіреді, ал Желегудің өзі болса көп нәрсеге бас қатырмайтын, ойын-күлкі, саят-сейілмен есі шығып, мемлекет ісіне көңіл бөлмейтін жан еді [14, 80]. Күшлік Қара қидан әміршісінің сеніміне кіргеннен кейін, Темүжін тарапынан тоз-тозы шыққан ел-жұрттын өз қоластына қайта жиып, бытырап кеткен меркіттерді де түгел топтастырды. Орайын тауып, сол кезде Қара қидан билігіне айырықша наразы болып отырған Хорезмшах Мұхаметпен және Самархант билеушісі Османмен жасырын тіл біріктіріп, екі тараптан шабуылға шығып, Қара қидан үстемдігін бірлікте аударып тастады.

⁴Мұғалжар тауының 365 м-лік оңтүстік-батыс беткейінен басталатын Жанай және Жалаңаш өзендерінің қосылған жерінен бастау алады. Каспий ойпатының шығысын бойлай ағады. Каспий теңізіне жетпей тартылып қалады.

Бірақ Күшлік Қара қидан билігін қолына алып, Қашқарияға және Қотанға дейінгі жерлерді қоластына алғанымен, өзінің діни саясатын дұрыс жолға қоймағандықтан, барған жерлерінде қарсылыққа тап болып отырды. Бұл оның жауларына тиімді болды. Нәтижесінде, Шыңғыс хан 1218 жылы ірі қолбасшысы Жебе ноянды 20 мың қолмен аттандырды. Олар күшлікті Таулы Бадақшанда қуып жетіп өлтіріп, басын алып қайтады.

«Күшлік жеңілгенімен, біз оның және әкесі Таян ханның ұзақ уақыт бойы Темүжін бастаған моңғол қосындарымен батыл қарсыласа алуына бір тараптан олардың иелігіндегі Алтай тауының тіршілікке қолайлы табиғи-жаратылыстық ортасы, одан қалса, наймандардың халық санының көптігі айырықша әсер еткен деп есептейміз. Сондықтан, Таян хан өліп, Күшлік Идікұт Ұйғыр мемлекетіне және Қара қиданға барғаннан кейін, бәз-баяғыдай қашып шыққан наймандар мен меркіттерді қасына топтастырып, Қара қидан мемлекетінен билікті тартып алып, ол елді сегіз жыл биледі. Сондықтан Күшліктің билікті тартып алуындағы негізгі арқа сүйер күші наймандар мен бір бөлім меркіттер болды» [12, -277].

Ал меркіттер Темүжін мен Оң ханның және Жамұқаның бірлескен соққысынан осыншама күйрей жеңілсе де, кектенген үстіне кектеніп, олармен өле-өлгенше қарсыласты. Сондықтан, Шыңғыс хан: Меркіт жұртын түгел қырып-жойыңдар, олардан тірі жан қоймандар, өйткені олар беті қайтпайтын ел, олармен соғысып жүрегімізге тиген!» [13, 189] -деп жарлық шашты. Тіпті, Жошы Тоқтабектің ұлы Қолтуған мергенді қолға түсірген кезде, мергендігіне сүйініп, оның өмірін құтқарып қалуды өтінеді. Сонда Шыңғыс хан: «меркіттерден өткен оңбаған ел жоқ, біз олармен талай мәрте соғысып, талай мәрте күйігін тарттық, оны тірі қойып, ертең тағы алдымызға кесе-көлденең тұрсын дейсің бе? Осы күнге дейін мен сен үшін осыншама ұлан-ғайыр жерлерді, қаншама қалың қол мен ел-жұртты уысыма алдым, енді оны тірі қалдырып қайтейін деп едің? Еліміздің жауларына қазылған көрден артық керемет мекен жоқ!» [13, 188], -дейді. Сөйтіп, Жошы амалсыздан оны өлімге үкім етеді.

Меркіттер наймандармен одақтаса Алтайдан шегінген кезде, алдымен, наймандармен бірге Тарбағатай, Еренқабырға арқылы қазіргі Үрімжі маңына дейін барып, кейін Тұрфандағы Идікұт хандығы Шыңғыс хан тарапқа өтіп кеткен соң, кері қайтады. Күшлік Қарақидан билігін өз қолына алып Қашқарияға жорық жасағанда олардың бір бөлігі онымен бірге кетеді де, қалған бөлігі Алакөл маңында тұрып, кейін Шығыс хан жорықшылары жақындап қалған сәтте Арқаға қарай кетеді.

Меркіттердің Шыңғыс шапқыншылығынан ығысып батысқа кеткендерінің саны да аз болмаған. Ол жайлы тарихи деректерде анық мәліметтер бар. Мысалы, «Юань тарихы. Тутуха баянында» (元史土土哈传): «Тайцзу меркіттерге жорық жасады, олардың билеушісі Құты Қыпшақ даласына қашып кетті. Инасы оны жылы қабылдады», -делінеді. Кейін Тоқта бектің кенже ұлы Қолтуған мерген де қосындарын бастап Қыпшақ даласына қашып кетеді. «Моңғолдың құпия шежіресінде» ол жайлы: «Меркіт Тоқта бектің ұлы Құты, Қолтуған, Шылауындар батысқа беттеп Қаңлы, Қыпшаққа қашып кетті» [16, 198], -делінеді. Бұл деректерде меркіттердің негізгі бөлігінің бүгінгі Қазақстан аймағына босқын болып кеткені жазылған. Бүгінде Керей ішінде меркіттердің үлкен ру ретінде сақталып келуі де, бұл жайдың терең тарихи негізі бар екенін көрсетеді.

Күшлік пен Тоқтаның ұлдары Тарым алқабына қарай қашқан кезде өздері ғана қашпаған, анағұрлым мол Найман, Меркіттің халқын өздерімен бірге ала жүрген. Сондықтан Синцзянның оңтүстігіндегі Мекіт, Маралбасы секілді аудандардағы меркіттер де дәл осы кезде кеткен меркіттердің ұрпағы. Бүгінде осы жерде ұйғырлар тарапынан доландықтар деп аталатын халықтардың тілі, ән-биі, түгелдей өзіндік ерекшеліктерге ие, яғни жергілікті ұйғырлардың тілінен, ән-күйінен аздап парықталады. Бұл меркіттердің Тарым ойпатында пайда болу тарихы болып табылады.

Қорытынды. Жалпы алғанда, Шыңғыс ханның Моңғол үстіртіндегі түркі-моңғол тайпаларын және олардың мемлекетін бір орталыққа бағындырған кезіне дейін, осында мекендеген түрлі этностар өздерінің далалық мемлекеттілік дәстүрін жалғастырып келді. Найман, меркіт және басқа да түркі этностары бұл кезде өздеріне тән мемлекеттік жүйеде өмір сүргенімен, олардың түпкі дәстүрлері ортақ болатын. Бұл ортақтық тек саяси тұрғыдан ғана емес, олардың тұрмыс-салты мен дүниетанымынан, менталитетінен, мемлекет басқару дәстүрлерінен, діни наным-сенімінен көрініс тауып отырды. Сондықтан, олардың мемлекетшілдік сана-сезімі де жоғары деңгейде болды. Әсіресе, наймандар мен меркіттер, Шыңғыс шапқыншылығы алдында, өзара күш біріктіріп, ортақ жауға бірлікте қарсы тұрды. Біз олардың бұл әрекетін сол тарихи дәуір тұрғысынан қарастырып отырмыз. Болып өткен оқиғаларға бүгінгі күннің биігінен баға беруден аулақпыз. Бұл өз кезегінде тарихи оқиғалардың шын болмысын ашуға, оларға шынайы, объективті қарауға көмектеседі. Бұдан өзге, біз Найман, Меркіт мемлекеттері күйрегеннен кейін, олардың көш бағытын тарихи деректерге сай тура анықтадық деп есептейміз. Өйткені наймандар мен меркіттердің Батыс Алтайға дейін шегініп барып, қайтадан Шыңғыс ханның қоластында қалған Шығыс Алтайға оралуы, одан ары Жоңғар ойпатының шығысымен Идікұтқа дейін жетуі мүмкін емес болатын. Бұл ретте, біз найман-меркіттің жеңілген қолы Бұқтырмадан өткеннен кейін, Қалба, Тарбағатай таулары арқылы, Жоңғар ойпатының батыс жағын айналып, Еренқабырғаға (Тянь-Шань етегіне) өтіп, одан соң Идікұтқа қарай барған деп есептейміз. Бірақ олардың бұл жүрісі сәтсіз болды. Идікұт патшасы Барчуқ Артекин Шыңғыс ханға бағынып кеткеннен кейін, найман-меркіт қосыны Қара Қидан мемлекетінің көмегін қажет етті. Нәтижесінде, Гүрханның сеніміне кірген Күшлік Қара Қидан мемлекетінің билеушісі деңгейіне дейін көтерілгенімен, мемлекеттің діни-этникалық саясатын дұрыс жолға қоя алмады. Сол кезде бір бөлім меркіттер онымен бірге Қашқар өлкесіне дейін барып қоныстанып қалды. Қалған меркіттер Сарыарқаның батыс бөлігінде, Жем бойында Жебе ноян қосындарының қуа соққылауымен толықтай күйреді.

Әдебиеттер тізімі

1. 辽史. 中华书局标点本. 26卷 道宗传, 36卷兵卫志, 46卷百官志
2. 金史. 中华书局标点本. 7卷. 世宗传, 121卷忠義, 粘割韓奴
3. 元史. 北京. 中华书局标点本. 1976. -2025 б
4. Murayama S. Sind die Naiman Türken order Mongolen? // CAJ, V.IV. -1959. -№3.
5. 吴澄. 吴文正公集. 乾隆五十一年本.
6. 拉施特 (Rashid ad-Din). Jami al-Tawārikh (史集) 第一卷, 第一分册. 商务印书馆. 1983. -227 б.
7. 刘义堂. 维吾尔研究. 台北. 1975. -584 б.
8. Каржаубай С. Объединенный каганат тюрок в 745-760 годах (по материалам рунических надписей). –Астана: Foliant, 2002. -201 б.
9. Тиманенко А. В. Поиски утраченного царства: гибель племени меркитов. – Чита: «Экспресс-издательство». 2019. -34 с.
10. 中国通史. 古代史. 元史部分. 13 卷. 上海. 1997. -347 б.
11. 中国大百科全书, 北京. 1999. V т. -3880 б.
12. Су Бэйхай. Қазақстың жалпы тарихы. Қазақ ұлтының дамуы//Ауд. Т.З. Қайыркен. II т. –Алматы: «Асыл кітап», 2019. -746 б.
13. Рашид ат-Дин 拉施特主编, 余大钧、周建奇译. 史集 Жамиғ ат-Тауарих. 第一卷, 第一分册, 商务印书馆. 1983. -224页.

14. 冯承钧译. A.C. d'Ohsson. 多桑蒙古史 (Histoire des Mongols, depuis Tchinguiz - Khan jusqu'à Timour Bey, ou Tamerlan) 中华书局. – 1962. -43.
15. 辽史. 卷30. 天祚本纪; 辽史. 卷69. 属国表.
16. Дамдинсурин Ц. 达木丁苏隆编译. 谢再善译. 蒙古秘史(Моңғолдың құпия шежіресі). 中华书局. – 1957. 第 102页.
17. 中国史稿编写组. 中国史稿. 第五册. 人民出版社. – 1981. 第 400 - 401 页.
18. 包世经. 克列、乃蛮和蒙古// 阿勒泰报. 1983年12月 1日.
19. Rene Grousset 蒙古帝国史 (L'empire Mongol). 北京. 商务印书馆. 1989. - 418 б.
20. Қайыркен Т.З. Ойратнама: Жоңғар мемлекетінің қалыптасуы мен дамуы, жойылуы. –Астана: «Ғылым» баспасы, 2015.- 302 б.
21. С. d' Ohsson. 多桑蒙古史 Histoire des mongols, depuis Tchinguis-khan jusqu'a Timour Bey ou Temerlan. 上册. 冯承钧译. 上海书店出版社. 2001. – 368.
22. Pelliot P. Le Journal asiatique. 1920. I, –172 б.
23. 韩儒林著. 穹庐集. 上海人民出版社 1982 年版, 第 343页.
24. Чанчунь Чжэньжэнь. Си ю цзи (Чан Чун Чжэньжэньнің батысқа саяхат естеліктері). Ауд. Ж. Ошан.// Қазақстан тарихы туралы Қытай деректемелері. Алматы. «Дайк-Пресс» баспасы. 2005. .-386.
25. 元史. 卷121, 122. 速不台传.

Т.З. Қайыркен

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан

Союз найманов и меркитов в XIII веке

Аннотация. В данной статье рассматриваются создание союза в XIII веке между Найманским каганатом, находившимся в предгорьях Алтая и Хангая, и меркитами, населявшими южные части Байкала, и их противостояние войскам Чингисхана. Также изучен маршрут их передвижения вследствие поражения в битве монгольскими войсками. Автор опровергает точку зрения китайского историка Су Бэйхая, что после того как меркиты и найманы проиграли в битве монголам, они перекочевали в государство Идикут через Алтайские горы и восточную часть Джунгарской низменности. Дело в том, что после поражения от войск Чингисхана, отступая на Западный Алтай, найманы и меркиты не смогли снова перебраться через Иртыш и двинуться на восточную часть Алтая, который остался под властью монголов. На том же основании, согласно историческим данным, найманы и меркиты после поражения в схватке с монголами на пересечении рек Бухтарма и реки Иртыш в Западном Алтае мигрировали к границам государства Идикут через горы Калба, Тарбагатай и западный край Джунгарской низменности.

Кроме того, в работе представлены исторические сведения об этнокультурных связях и традициях государственности данных этнических групп до завоевания Центральной Азии Чингисханом в 1218 году.

Ключевые слова: XIII век, найманы, меркиты, Чингис хан, направления кочевья, Восток Джунгарской низменности, Запад Джунгарской низменности, государство Идикут, государство Кара-киданей, хан Кучлук.

T.Z. Kayirken

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan

Union of naymans and merkits in the 13th century

Abstract. This article discusses the creation of the alliance in the 13th century between the Naiman Kaganate that lived in the Altai and Khangai mountains and the Merkits who inhabited the southern parts of Lake Baikal, and their opposition to the forces of Genghis Khan, also considers the route of movement after their defeat by the Mongol forces. In the article, the author refutes the point of view of the Chinese historian Su Beihai that after the Merkits and Naimans lost the battle, the Mongols migrated to the Idikut state through the Altai Mountains and the eastern part of the Dzungarian lowland. The fact is that, after the defeat by Genghis Khan's troops and retreating to Western Altai, the Naimans and Merkits were not able to cross over the Irtysh again and move to the Eastern part of Altai, which remained under Mongol rule. On the same basis, according to historical data, the Naimans and Merkits, after being defeated by the Mongols at the intersection of the Bukhtarma River and the Irtysh River in Western Altai, migrated to the borders of the Idikut state through the mountains of Kalba, Tarbagatai and the Western edge of the Dzungarian lowland.

In addition, the history, ethnocultural ties and traditions of statehood of these two ethnic groups are presented before the conquest of Central Asia by Genghis Khan in 1218.

Keywords: XIII century, Naimans, Merkits, Genghis Khan, nomad directions, East of the Dzungarian lowland, West of the Dzungar Lowland, state of the Idicut, State of the Kara Kidan, Khan Kuchluk.

Reference

1. 辽史. 中华书局标点本. 26卷 道宗传, 36卷兵卫志, 46卷百官志 [History of Liao Dynasty. Punctuation of Zhonghua Book Company. 26 volumes of Daozong Biography, 36 volumes of Bingweizhi, 46 volumes of Baiguanzhi]
2. 金史. 中华书局标点本. 7卷. 世宗传, 121卷忠義, 粘割韓奴 [Jin History. Punctuation of Zhonghua Book Company. 7 volumes. The Story of Sejong, 121 volumes of Zhongyi, Nian cut Hanu]
3. 元史. 北京. 中华书局标点本. 1976. 2025 p. [History of the Yuan Dynasty. Beijing. Punctuation of the Chinese Secretary. 1976. 2025]
4. Murayama S. Sind die Naiman Türken order Mongolen? // CAJ, V.IV, 1959. № 3.
5. 吴澄. 吴文正公集. 乾隆五十一年本 [Wu Cheng. Collected Works of Wu Wenzheng. The 51st Year of Qianlong]
6. 拉施特 (Rashid ad-Din). Jami al-Tawārikh (史集) 第一卷, 第一分册. 商务印书馆. [(Historical Collection) Volume One, Volume One. The Commercial Press] 1983. 227 p.
7. 刘义堂. 维吾尔研究. 台北 [Liu Yitang. Uyghur Studies. Taipei] 1975. 584 p.
8. Karzhaubay S. Ob"edinennyj kaganat tyurkov v 745-760 godah (po materialam runicheskikh nadpisej). Nur-Sultan. Foliant. 2002. -201 b.
Karzhaubay S. United Khaganate of the Turks in 745-760 (based on materials of runic inscriptions) [United Khaganate of the Turks in 745-760 (based on the materials of runic inscriptions)] (Foliant, Astana, 2002, 201 p).
9. Timanenko A. V. Poiski utrachennogo carsta: gibel' plemeni merkitov. CHita. «Ekspress-izdatel'stvo» [The search for the lost kingdom: the death of the Merkit tribe] ("Express Publishing", Cheat, 2019, 34 p).
10. 中国通史. 古代史. 元史部分. 13 卷. 上海 [General History of China. Ancient History. Part of Yuan History. Volume 13. Shanghai]. 1997. 347 p.
11. 中国大百科全书, 北京 [Encyclopedia of China, Beijing.]. 1999. V. 3880 p.

- 12 Su Beihai. Qazaktyng zhalpy tarihy. Qazaq ultynyng damui. Aud. T.Z. Kairken. II t. [The general history of the Kazakhs. The development of the Kazakh nation] («Asyl kitap», Almaty, 2019. 746 p).
- 13 Rashid at-din 拉施特主编，余大钧、周建奇译. 史集 [Edited by Raschte, translated by She Dajun and Zhou Jianqi. History], Zhamig at-tavarikh第一卷, 第一分册, 商务印书馆 [Volume One, Volume One, Commercial Press]. 1983. 224 p.
- 14 冯承钧译 [Translated by Feng Chengjun.]. A.C. D'Ohsson. 多桑蒙古史 [
- 15 Dosan Mongolian History] (Histoire des Mongols, depuis Tchinguiz - Khan jusqu'à Timour Bey, ou Tamerlan) 中华书局. 1962. 43p.
- 16 辽史. 卷30. 天祚本纪; 辽史. 卷69. 属国表 [History of Liao Dynasty. Volume 30. The Benji of Tianzuo; History of Liao Dynasty. Volume 69. It belongs to the country].
- 17 Damdinsurin C.达木丁苏隆编译. 谢再善译. 蒙古秘史Mongoldyn qupia shezhiresi [Compiled by Damuding Sulong. Translated by Xie Zaishan. The secret history of the Mongols], 中华书局 [Zhonghua Book Company]. 1957. 102 p.
- 18 中国史稿编写组.中国史稿. 第五册. 人民出版社 [Chinese History Manuscripts Group. Chinese History Manuscripts. Volume 5. People's Publishing House]. 1981. P. 400 - 401.
- 19 包世经. 克列、乃蛮和蒙古// 阿勒泰报 [Bao Shijing. Kele, Naiman and Mongolia Altay News]. December 1, 1983.
- 20 Rene Grousset 蒙古帝国史 (L'empire Mongol). 北京. 商务印书馆 [Beijing. The Commercial Press]. 1989. 418 p.
- 21 Kairken T.Z Ojratnama: Zhongar memleketining qaliptasui men damui, zhoyilui [Ojratnama: The formation, development and destruction of the Dzungarian state] (Gylym baspasy, Nur-Sultan, 2015, 302 p).
- 22 C. D' Ohsson. 多桑蒙古史Histoire des mongols, depuis Tchinguis-khan jusqu'a Timour Bey ou Temerlan. 上册. 冯承钧译. 上海书店出版社 [Volume 1. Translated by Feng Chengjun. Shanghai Bookstore Publishing House]. 2001. – 368.
- 23 Pelliot P. Le Journal asiatique. 1920. I, 172 p.
- 24 韩儒林著. 穹庐集. 上海人民出版社 1982 年版, 第 343 页 [Han Rulin. Qionglu Collection. Shanghai People's Publishing House, 1982 edition, page 343].
- 25 Chanchun' Chzhen'zhen'. Si yu czi (Chan Chun Chzhenzhenning batysqa sayahat estelikteri). Aud. Zh. Oshan. Qazaqstan tarihy turaly Qytaj derektemeleri [Chang Jung Zheng's memories of a trip to the West) Tran. Zh. Oshan, Chinese details on the history of Kazakhstan] (Dayk – Press, Almaty, 2005, 386 p).
- 26 元史.卷121, 122. 速不台传 [History of the Yuan Dynasty. Vol. 121, 122].

Автор туралы мәлімет:

Қайыркен Т.З. - т.ғ.д., Шығыстану кафедрасының профессоры, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Kayirken T.Z. - Doctor of Historical Sciences, Professor of the Department of Oriental Studies, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan.